



e-ISSN: 2630-6417

International Journal Of  
Social, Humanities And  
Administrative Sciences  
(JOSHAS JOURNAL)

Vol: 8  
Issue: 50  
Year: 2022  
pp  
336-341

Arrival  
14 January 2022  
Published  
27 March 2022

Article ID  
950  
Article Serial Number  
3

Doi Number  
<http://dx.doi.org/10.31589/JOSHAS.950>

**How to Cite This Article**  
Kanseitova, E.; Kanseitova, G.  
& Aldan, A. (2022). "Араб  
жазба ескерткіштері және  
оның адамзаттың қазіргі  
рухани өмірімен  
байланысы", Journal Of  
Social, Humanities and  
Administrative Sciences,  
8(50):336-341.



International Journal Of Social,  
Humanities And Administrative  
Sciences is licensed under a  
Creative Commons Attribution-  
NonCommercial 4.0  
International License.

This journal is an open access,  
peer-reviewed international  
journal.

## Араб жазба ескерткіштері және оның адамзаттың қазіргі рухани өмірімен байланысы

### Arabic Inscriptions And Its Connection With Modern Spirituality Life Humanity

### Arap Yazıtları Ve Onun İnsanlığın Çağdaş Manevi Yaşamıyla Bağlantısı

Elenora KANSEITOVA Gülül KANSEITOVA Ainur ALDAN

Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer, Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan  
Suleyman Demirel University PhD Student, Isparta, Turkey  
Senior Lecturer, Eurasian Law University, Almaty, Kazakhstan

#### АНДАТПА

Мақалада, ортағасырда түркі елінің қолжазба дәстүріне айналған араб мәдениетінің интеллектуалдық байлығының маңыздылығы ұрпақтан-ұрпаққа берілетін дағдылар мен тәжірибелер жиынтығы тұрғысынан қарастырылды. Араб тілі басқа тілдермен әрекеттескен ортада мәтінді жазбаша түрде бекіту және сипаттау сияқты әдістерді қолдану арқылы білімді сақтау және жеткізу механизмдері арқылы сипаттаудың жолдары анықталды. Негізінен, араб жазуы, оның көмегімен жазылған араб мәтінінің архитектурасы (яғни жазу материалының парактарындағы орналасу ерекшеліктері) және дәстүрлі библиографиялық сипаттау әдістерінде кездесетін ортақ байланыс сияқты, өзіндік ерекшеліктері болатындығына баса назар аударылды. Өйткені, араб жазуы түркі тілдес халықтардың тарихында ислам дінінің енуімен байланыстырылады және Еуропалық шығыстанушылардың сопылық ағымды түркілердің салт-дәстүрінің бөлінбес бөлшегі ретінде қарастырған ой-пікірлері, мақалада салыстырмалы тұрғыда қайта қаралып, нақтыланды.

Араб әдебиеті араб елдерінің жалпы мәдени негізі бар ортағасырлардан келе жатқан жергілікті дәстүрлерге сай дамуы шығыстанушылардың, ғұлама-ойшылардың және араб тілін зерттеушілердің еңбектері әлі де болса өзінің қазіргі жаңа көзқарас тұрғысынан объективті бағасын алмаған тұстарын ашуға септігін тигізеді. Мақалада қазақ-араб әдебиетінің тарихи даму жолы өзіндік маңыздылығымен ерекшеленетін А. Яссауидің, С. Бақырганидың, С. Сарайдың және т.б. мұраларының қазақ әдебиетінде алатын орны туралы дүние жүзі халықтарының қоғамдық ой-пікірлерімен байланыстырылып, талданған.

**Кілтті сөздер:** геодонист, әдебиет, поэзия, ислам діні, эпикалық, трактат.

#### ABSTRACT

The article discusses the importance of the intellectual wealth of the Arab culture, which became a handwritten tradition of the Turkic peoples in the Middle Ages, in terms of the totality of skills and experience passed down from generation to generation. Ways to describe the Arabic language through mechanisms for storing and transferring knowledge using methods such as written confirmation and description of the text in an environment where it interacts with other languages. In general, it was emphasized that the Arabic script has its own characteristics, such as the architecture of the Arabic text written by it (i.e., the peculiarities of the arrangement on the pages of written material) and the general connection found in traditional bibliographic descriptions. The article revised and clarified that the Arabic script was introduced in connection with the penetration of Islam into the history of the Turkic-speaking peoples, and the views of European Orientalists, who considered Sufism an integral part of the Turkic traditions. The development of Arabic literature in accordance with the local traditions of the Middle Ages, which have a common cultural basis, helps to identify the works of orientalists, scholars and researchers of the Arabic language, who have not yet received an objective assessment from the new perspective. The article deals with the historical development of the Kazakh-Arabic literature. Yassau, S. Bakyrqani and S. Sarai and others. The role of heritage in Kazakh literature is analyzed in connection with the public opinion of the peoples of the world.

**Key words:** geodonist, literature, poetry, Islamic religion, epic, treatise.

#### ÖZET

Қазақстанда, Орта Ғағ'да Түрк халқын ел yazması geleneği haline gelen Arap kültürünün entelektüel zenginliğinin kuşaktan kuşağa aktarılan bir dizi beceri ve deneyim açısından önemini incelemektedir. Arapça'yı diğer dillerle etkileşim içinde olduğu bir ortamda metnin yazılı teyidi ve betimlenmesi gibi yöntemlerle bilginin saklanması ve iletilmesi mekanizmalarıyla anlatma yolları incelendi. Genel olarak, Arap yazısının, onunla yazılan Arapça metnin mimarisi (yani, yazılı materyalin sayfalarındaki düzenin özellikleri) ve geleneksel bibliyografyada bulunan ortak bağlantılar gibi kendine has özellikleri olduğu vurgulandı. Bunun nedeni, Arap yazısının İslam'ın Türkçe konuşan halkların tarihine nüfuz etmesi ile ilişkilendirilmesi ve tasavvufu Türk geleneklerinin ayrılmaz bir parçası olarak gören Avrupalı oryantalistlerin görüşleri makalede nispeten revize edilmiş ve netleştirilmiştir.

Arap edebiyatının ortak bir kültürel temele sahip olan Orta Ғағ'ın yerel geleneklerine uygun olarak gelişmesi, Arap dilinin şarkiyatçıların, bilim adamlarının ve Arap dili araştırmacılarının henüz yeni bir bakış açısıyla objektif bir değerlendirme almamış eserlerinin ortaya çıkmasına yardımcı olur.

Çalışmada, Kazak-Arap edebiyatının tarihsel gelişimini ele almakta ve Ahmet Yesevi, S. Bâkırgâni, S. Sarai ve diğer alimlerin eserlerinin Kazak edebiyatındaki rolü, dünya halklarının kamuoyu ile bağlantılı olarak analiz etmekte.

**Anahtar Kelimeler:** jeodonist, edebiyat, şiir, İslam Dini, destan, risale.

**Кіріспе.** Араб тілі қарым-қатынас құралы емес, бірақ ол дүние жүзіндегі 420 миллионнан астам адам қолданатын мәдени, көркем және әлеуметтік құндылықтарды білдіретін құрал. Араб әдебиеті тарихындағы кезеңдерге байланысты туындаған араб тіліндегі шығармалар бірнеше кезеңдерден тұрады. Ондағы араб көркем прозасында геодонистік культтерінің символизміне үндеумен біріктірілген әдебиеттер алғашқыда мұсылман теологиясының қажеттіліктерінен туындады. Ежелгі және эллинистік философиялық мұраның қалыптасуы араб-мұсылмандық философиялық дәстүрдің түпнұсқасы. Араб мұсылмандарының бұл мұраны

сақтауы Платон мен Аристотельдің еңбектерін Ренессансқа дейінгі Еуропаға жеткізген шығыстанушылардың зерттеулерінің әлемдік маңызын анықтай түседі.

**Мақсаты.** Мақаланы жазуда авторлар араб әдебиетін VII-VIII ғғ. түркі тілдес халықтар арасында «халифат» жағдайында дамыған араб-мұсылман мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырып, араб тілінің біртұтастығына байланысты қазіргі уақытта араб елдері әдебиеттерінің жиынтығы болып табылатын тіл және мәдени-тарихи дәстүрлердің бүгінгі адамзаттың әлеуметтік өмірі мен рухани өміріндегі байланыстың бар екендігін баяндауды мақсат етеді.

**Материалдар мен әдістер.** Мақалада қазақ зерттеушілері мен шетел авторлардың еңбектері пайдаланылды. Бұған дейін араб тілінде жарық көрген шығармалардағы ортақ байланыстар қазақ зерттеушілері еңбектері мен шетел авторлары еңбектері салыстырмалы тұрғыда жүйелеу жекелеген еңбектерде арнайы ғылыми-зерттеу нысаны болған емес. Мақалада қолданылған методологиялық әдістер ғылыми принциптерге негізделген. Нақтылы фактілік материалдарды, деректерді тақырыптың маңыздылығына байланысты ғылыми тұрғыда зерттеу арқылы талдау, жинақтау, жүйелеу, қорытындылау сияқты жалпыға бірдей негізде орындалды.

**Нәтижелерді талқылау.** Қазақ-араб әдеби байланыстарының тамыры тереңде жатқандығы М.Б. Салқынбаевтың зертеуінде қарастырылған және араб тілінің түркі тілдес халықтарға таралуы, олардың ислам дінін қабылдауымен байланыстырылған [Salqynbaev, 2009: 159]. Арабтар әлемдік мәдениеттің дамуында үлкен рөл атқарғандығы туралы С.М. Исмаатованың зертеуінде [Ismatova, 2003: 159] қарастырылған. Көне араб тілінің тарихына тоқталған Исматова С.М. «бәдәуи» поэзиясының даму тарихын талдай келіп: «Араб поэзиясы Батыс поэзиясына әсер етті» деген, пікір айтады. Алтын Орда дәуіріндегі араб жазушыларының еңбектері туралы М.Г. Сафарғалиевтің еңбегінде [Safargaliyev, 2003: 280] жазылған. Автор Алтын Орданың ыдырауы туралы кезеңінде ең алдымен араб және парсы тарихшыларының еңбектерінің маңыздылығына тоқталған. Алтын Орданың ыдырауы кезеңін зерттеген автор: «араб жазушыларының деректерінің маңызы зор, өйткені Алтын Орда күшті болған кезде Мысыр сұлтандарына одақтас ретінде қажет болды, сол себепті арабтар ордада болып жатқан оқиғаларға үлкен мән берген» деп, тұжырым жасайды. Жалпы, түркі тілдес халықтарға араб жазу мәдениетінің таралуы ислам дінінің таралуымен тікелей байланысты. Бұл туралы Бертельс Е.Э., Инаят Х.Х., Аннемари Ш. сияқты шетел ғалымдарының еңбектерінде сопылық ағымның қазақ әдебиетінде маңызды орын алатындығы туралы айтылған ([Bertels, 1965], [Inayat, 1999], [Annemari, 2000]). Е.Э. Бертельстің жасаған тұжырымдыры зерттеуші Т. Қыдырдың «Егер мұсылман елдері өзін таныса...» деген мақаласында жазылған.

Ғалым У. Тұрар [Turar, 1999: 180] өзінің «Тассавуф тарихи» еңбегінде сопылық ағымды екіге бөліп қарастырған. Автордың пайымдауынша, араб тілінің енгізілуімен қазақ мәдениетіне таралған ислам діні, адамның өмірдегі сеніміне күшті әсер ететін тура жол. Жалпы, жекелеген зерттеулерде YII ғасырдан бастап араб әдебиеті эллиндік дүниенің шеткі аймақтарын жаулап алу кезеңінде араб мұсылмандары құрған жаңа орталықтарда тек қалалық сипатта дамығандығы айтылады. Жетекші орталықтар алдымен Бастра мен Ирак болды, ал IX ғ. Бағдатта болған. Аталған кезеңде араб тілі жаңа араб-мұсылман мәдениетінің әдеби тіліне айналып, оны жасаушылар арабтармен бірге жаулап алған халықтардың өкілдері болған. Араб әдебиеті ерте, орта ғасырларда Таяу Шығыс әдебиетінің идеялары мен жанрлық формалары шеңберінде дамығандығы көптеген зерттеулерде жалпылама сөз етіліп, дербес зерттеу нысанына айналмаған.

**Зерттеу нәтижесі.** Ортағасырлық араб жазба мәдениетінің шыққан және тараған жері – Таяу және Орта Шығыс мемлекеттері. Оларды мекендеген халықтар бірыңғай араб тілінде ғана сөйлеген жоқ, YIII ғасырдан бастап олардың басым көпшілігі араб жазуын да пайдаланды.

ЮНЕСКО-ның бас директоры Одрэ Азулепо, әлем тарихында маңызды орынға ие болған араб тілі туралы 2021 жылдың 18 желтоқсандағы жолдауында, араб тілінің дүнежүзілік күні етіп 18 желтоқсан күні белгіленгендігін және оның рухани мұрасының әлемдік өркениетке үдемелі ықпалын атап айтты. Ғасырлар бойғы араб тілі әрекеттестігінің Африка, Азия және Еуропа елдерінің ғұлама-ойшылдары мен зерттеушілердің еңбектерінде әлемдік ғылымдардың дамуы осы араб тілінде шыққандығына, араб тілі әлемге салтанатты әдебиеттің дәстүрін сыйлағандығына тоқталды. Арабтың дәстүрлі поэзиясы ағартушылық саланы дамытуда көрікті жазба каллиграфиясының техникасын дамытуға жол салды. Осы орайда, ЮНЕСКО ұйымы бұрын құрылған идеяларға адал болып қала бермек, сондықтан халықтар арасындағы қарым-қатынастарды өзара түсіністік мақсатында дамыту және кеңейту міндеттемесін қамтиды. Одан көп нәрсеге ие болуды көздеу арқылы бір-бірінің өмірін дәлірек нақты түсінуде байланыс орнатады, деді. Қарқынды жаһанданумен және коммуникация құралдарының әсерлі дамуымен сипатталатын қазіргі әлемде өркениеттер мен халықтар арасындағы көпірлер құру мүмкін ғана болып қоймай, сонымен бірге оның

өмірлік маңыздылығы жоғары. Дегенмен, бұл құбылыстар жаңа проблемаларды тудырады, өйткені біз жиі бір-бірімізді түсінбеуіміз бен білмеуімізбен қарым-қатынасымызды қиындатамыз, сондықтан мұны шешуде ғаламтор желісінде көптілділікті дамыту арқылы қолдау көрсетуіміз қажет.

Мәдениеттер арасындағы диалогты адамзаттың басты міндеттерінің біріне айналдыру бізге ерекше жауапкершілік жүктейді. Тілдер адамдарды жақындастыруға мүмкіндіктер туғызуы керек, өйткені әліпбидегі айырмашылыққа қарамастан, бізді ортақ гуманизмнің ортақ белгілері біріктіреді. Осы орайда, Ж. Есеналиеваның [Esenaliyeva, 2020:192] зерттеуінде И.А. Бодуэн де Куртенэнің бір-бірінен алшақ тілдерді салыстыруға болатындығы туралы тұжырымдары айтылған. Өйткені, автордың зерттеуінде Шығыстық жазба деректерде белгілі бір ортақ тарихи оқиғаларға байланысты болатын ұқсастықтар салыстырмалы түрде берілетіндігі қарастырылған. Мұндай салыстыруда тілге қатысты ортақ белгілерді морфология, фонетикалық тұрғыдан талдауда байқалады. Автор мұндай ортақ белгілерді салыстырмалы-тарихи әдістегі жалпы тілдердің дүние жүзілік сипатындағы ортақ белгілермен байланыстырып, бірқатар шетелдік шығыстанушылардың еңбектерін талдаған.

Сол сияқты, қазақ-араб әдеби байланыстарының тамыры тереңде жатқандығына назар аударған Салқынбаев М.Б. өз зерттеуінде [Salqynbaev, 2009:5], араб тілінің таралуын қазақ халқының ислам дінін қабылдауымен байланыстырады. Автор, көшпенділердің жазба әдебиетінде жарық көрген араб тіліндегі туындылардың алғашқыда діни мазмұнда болғанын алға тартады. Сонымен қатар, араб әдебиеті адамзат тарихындағы ислам дінімен тамырлас ең көне рухани қазына, дейді. Ғалым араб әдебиеті мен өзге халықтар әдебиеттері арасындағы байланысты жалпы адамзат әлеміндегі әдеби байланыс ретінде қарастырған. Қазіргі Қазақстан территориясында дүниеге келген Әбу Насыр әл-Фарабидің бүгінгі күнге дейін жеткен мұралары мен діни Құран кітабы мысалға алған. Сонымен қатар, автордың еңбегінде А. Яссауидің, С. Бақырғанидің және С. Сараидың мұраларының қазақ әдебиетінде алатын орны туралы тұжырым жасалған. Қазақ-араб әдебиетінің тарихи даму жолында өзіндік маңыздылығымен ерекшеленетін бұл еңбектер туралы дүние жүзі халықтарының қоғамдық ой-пікірлерімен байланыстырылып, талданған. Уақыт өте келіп, бұл туындыларда берілген саяси-қоғамдық ойлармен Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев және т.б. шығармалары арасында ортақ байланыстардың мазмұнына тоқталған.

Сол сияқты, Күмісбаев Ө. өз еңбегінде [Kumisbaev,2015:312] шығыс шығармаларын қазақ шығармаларындағы ортақ белгілермен байланыстырып, оны Еуропаға шығыстанушылар танытқаны туралы айтады. Еуропа ғалымдары жасаған Шығыс туындылары туралы тұжырымдарды топтастырып, шығыс шығармаларының мазмұндық маңыздылығына баса назар аударған. Күмісбаев Ө. зерттеуінде қазақ әдебиетіндегі Алпамыс, Қобыланды образдарындағы ұқсастықты қатар қойып сипаттама берген. Араб әдебиетінде хикаялардың қарқынды дамыған уақыты Х ғасыр болды. Араб тарихшылары ат-Табаридің және әл-Масудидің еңбектеріндегі теңізшілер мен саудагерлердің алыс жерлер мен жолдағы шытырман оқиғалары туралы әңгімелері 940 жылдары Бузург ибн Шахриярдың «Үндістанның кереметтері» жинағында жинақталған. Көрнекті мемлекет қайраткері Әбу Әли ат-Танухи өзінің естеліктерін бір-біріне ұқсамайтын естелік әңгімелер жинағы түрінде басып шығарады. 980 жылдардағы Бағдадтағы атақты философиялық үйірменің «Тазалық ағалары мен Адалдықты сүюшілер» энциклопедиясында романдар мен астарлы әңгімелер үлкен орын алады. Алайда саналы көркем әдебиетке негізделген баяндау тек ат-Таухидиде кездеседі, онымен байланысты деп, әл-Маарридің прозалық шығармасын атауға болады. Әңгімелердің өмірлік мазмұнын классикалық поэзия стилінің талғампаздығымен ұштастырған мақам жанрының қалыптасуы Х ғасырда өз дамуын аяқтайды. Оның алғашқы авторы Бади әз-Заман әл-Хамаданидің шығармашылық жемісті жанры мақам әл-Харири үшін филологиялық эрудицияны көрсету құралына айналды.

С.М. Исмаатованың зерттеуінде [Ismatova,2003:54] арабтар мәдениеттің дамуында үлкен рөл атқарғандығы туралы қарастырған. Көне араб тілінің тарихына тоқталған Исмаатова С.М. бәдәуи поэзиясының даму тарихын талдай келіп, Араб поэзиясы Батыс поэзиясына әсер етті деген, пікір айтады. Орта Азияда VIII ғ. дамыған араб сарай поэзиясын маңыздылығын түсіндіруде «Шахнаме» туындысына тоқталған. Автор өз еңбегінде, Ежелгі Қытай әдебиеті мен көне Үнді әдебиетінің даму тарихына тоқтала келіп, ежелгі Араб әдебиетінің VI-VII ғғ. даму тарихына қарастырған. Оның ішінде көшпелі бәдәуилердің рулық қауымдастығындағы өздеріне тән ерекшеліктеріне тоқталып, араб поэзиясының шығу тарихы сипатталған. Автор, өз еңбегінде «Құран – араб әдеби ескерткіші» деген тақырыпта берген тармақта, ислам дінінің енгізілуі Шығыс елдерінің өміріне өзгеріс енгізгені туралы жазған. Араб тілінен бірнеше сүреллерге аударма беру арқылы Құранның жазылу стиліне нақты пікір айтпайды, тек араб әдебиеті тарихындағы үлкен жазба ескерткіш ретінде баға беріп қалдырады. С.М. Исмаатованың зерттеуінде ежелден бастап «Шахнаме», Қ. Яссауи еңбектері кезеңіне дейінгі хронология қамтылған.

Осы кезеңде халифаттың ыдырауы және X ғасырдағы исламның терең дағдарыс жағдайы барған сайын қалалық топтар өкілдерінің, секталар мен топтардың көңілін қалдырып, философиялық санадан қолдау іздеді. Философияда үстемдік еткен неоплатонизм идеялары көркем әдебиетте тікелей дамуды таппады, бірақ олардың негізінде әл-Мутанаббиді мен әл-Маарри лирикаларында поэтикалық шығармашылық туралы жаңа түсінік пайда болды, ондағы шындықтың сезімі мен көрінісі исламға дейінгі қабылдауға объективті түрде жақын келді.

Бұл туралы Е.Э. Бертельстің [Bertels,1965:524] зерттеулерінде, Шығыстың мәдени өмірінде сопылық ағымның алатын орны анық көрсетіліп, нақты баға берілген. Бұдан Шығыс авторларының еңбектеріндегі суфизм ағымы қазақ әдебиетімен тығыз байланысты екенін байқауға болады. Сол сияқты шетел ғалымы Инайят Х.: сопылықты философия, теизм және атеизмді бір-бірімен байланыстырушы ағым ретінде қарастырады. Ислам дініне сенушілікті адамгершілік тұрғысынан адамды бақытқа, рухани дұрыс жол таңдауға апарар жол ретінде сипаттайды [Inayat, 1999:33]. Ал Аннемари Ш. сопылықты адамның жеке басы қасиеттерімен байланыстырып, ислам дінін адамға қажет рухани жол екендігін айтады [Annemari, 2000:31]. Осы тұста, Әл-Фарабидің философия мен сопылықты жақындастыруға тырысқан еңбектерін атауға болады. Классикалық араб әдебиетінде сопылық теориялық трактаттар мен дидактикалық кодтар көп болса, сопылық поэзия мұндай кең ауқымда таралған жоқ және Таяу және Орта Шығыстың басқа мұсылман әдебиеттеріндегідей эпикалық сипатқа ие болмады. Атақты араб сопылық ағымының ақындары Магрибтан келген иммигранттар, Ибн әл-Араби мен аш-Шуштари болды. Олардың шығармалары халық әндері дәстүрімен байланыстырылып мысырлық Омар ибн әл-Фарид және таза философиялық мәселелерге арналған.

Осы тақырып төңірегін зерттеуші Т. Қыдыр өзінің мақаласында, белгілі ирантанушы ғалым Э. Бертельстің жасаған тұжырымдарындағы сопылық идеяларындағы түркі мәдениетінің байланысының маңыздылығына тоқталған [Qydyr, 2020]. Автор, қазақ сөз өнерінің дамуын шығыс мұсылман әдебиетінен бөліп қарау мүмкін еместігін айта келіп, түркі тілдес халықтардың әдеби байланыстарындағы араб, парсы тілдерінің орын алуын ислам дінінің келуімен байланыстырады. Алтын Орда мемлекеті тұсында басталған нәзирагөйлік дәстүр мұсылмандар тарапынан имандылық негіздермен жалғаса дамып, әдеби байланыстар XX ғасырдың басына дейін жалғасты. Сонымен қатар, араб графикасы А. Құнанбаевтың шығармаларында және Ш. Жәңгірұлының еңбектерінде жиі қолданғаны туралы айтады. Араб тілін аудару ісі осы қараханидтер кезінде басталғандығы туралы тұжырым жасайды. Автор, араб тілінің ерекшеліктеріне байланысты араб графикасына ғана тән бірнеше жанрлар мен әдеби өрнектердің кирилше не латынша жазылуы кезінде мағынасын жоғалтандығына тоқталған.

Осы кезеңді қарастырған татар ғалымы Е.Наджиц, Кардар қаласы түркі әлемі теологиясының орталықтарының бірі болғанын жазады. Автор, қазақтың көптеген рулары мен тайпаларының Алтын Орда құрамында болғандығына тоқталып, Кіші жүз тайпалары Еділдің төменгі жағындағы мемлекеттің мәдени орталықтарына жақын өмір сүргендігі туралы айтады. Олар өз кезегінде «Әлім ұлы», «Бай ұлы» және «Жеті ру» тайпасынан тұрды. Соңғысы жеті үлкен рудан тұрды, олардың бірі Күрдер руы болды. Бұл болжам бізге «Нахдж әл-Фарадис» авторының шығу тегін қазақ руы Күрдермен байланыстыруға мүмкіндік береді дейді, автор [Nadjir, 1971. №6.:63]. Тарихта классикалық араб әдебиетінің құлдырауы XI ғасырдан басталды. Әдеби шығармашылықтың негізгі түрлері өткен дәуір шығармаларына түсініктеме беру немесе стильдеу, тарихи-әдеби және филологиялық материалдарды жинақтау болды. XI-XII ғасырларда жасалған араб тіліндегі әдеби хрестоматиялар дәстүрінің маңыздылығы тарихи-өмірбаяндық әдебиетті қалыптастырды. Араб әдебиеті тарихындағы классикалық кезең XIII ғасырдағы моңғол шапқыншылығымен аяқталды.

Алтын Орда тарихын зерттеген Сафарғалиев М.Г. [Safargaliyev,2003:8] өз еңбегінде, Алтын Орданың ыдырауы қарсаңында моңғол-татар тілінде сипатталған еңбектерден араб тілінде жазылған туындылар басым болды, дейді. IX ғасырдың екінші жартысы мен X ғасырдың басында қыпшақ, араб және парсы тарихшыларының еңбектері көп жарық көрген. Орданың бұрынғы кезеңін зерттеу үшін араб жазушыларының деректерінің маңызы зор. Алтын Орда күшті болған кезде Мысыр сұлтандарына одақтас ретінде қажет болса, арабтар ордада болып жатқан оқиғаларға үлкен мән берді. Бірақ, сөзсіз, ордадағы оқиғаларды жақсы білетін арабтар, сонымен бірге, одақтастарының іс-әрекеттеріндегі осал тұстарды көрсетуге аз әрекет етті. Мысал ретінде хан Өзбекке панегирік ұсынған Ибн-Батутаның хабарын келтіруге болады. Хулагидтерден қауіп төніп, ішкі алауыздықтан әлсіреген Алтын Орданың өзі нақты күш болудан қалған бойда арабтар оған деген қызығушылықтарын жоғалтты. Мысыр саудагерлері мен саяхатшыларында Мысырға келген ақпарат таза кездейсоқ, екінші қолға айналды. Сондықтан XI ғасырдың екінші жартысындағы араб жазушыларының жаңалықтары үстірт сипатқа ие болады. Араб жазушыларының ішінен бір ғана Ибн-Халдун Тоқтамыс ханның таққа отырған кезінен бастап, болған оқиғаларды азды-көпті толық

бейнелейді және ол соңғысын Бердібектің баласы деп атайды, содан кейін хан Тоқтамыстың өлімін ұйымдастырған Әмір Темір туралы да жазған.

Орта ғасырлардың ең ірі тарихшыларының бірі жасаған мұндай дәлсіздіктерді автордың немқұрайлылығымен емес, тек Мысырдағы деректердің аздығымен түсіндіруге болады. Алайда Ибн-Халдунның қателіктерін басқа араб жазушысы Ибн-Арабша жояды, ол Темірдің бұл қалаларды қиратуынан кейін Сарай, Астрахань, Қырымға өзі барғандығы туралы баяндаған. Осы кездегі хулагидтер мен тимуридтердің сарай ақсүйектерімен байланысын араб жазушыларына қарағанда парсы авторлары Жошы ұлысына дұшпандық танытты, солтүстікте болған оқиғаларға арабтар сияқты немқұрайлықпен қараған. Егер арабтар Алтын Орданы қызғылт түстермен бейнелеп, құдіреттілігін жазған болса, парсылар, керісінше, Жошы ұлысының әлсіз жақтарын атап көрсеткен.

XIII ғасырдан бастап Шығыстың (Халифаттың тарихи орталық аймағы) араб әдебиетіне параллель мұсылмандық батыстың түпнұсқа араб әдебиеті дамыды және ол осы кезде Ифрикия (қазіргі Тунис), Испанияның араб-мұсылман қалаларында шарықтау шегіне жетті. Шығыс араб классиктерінің қарқынды ассимиляциясы мұнда тарихи-филологиялық кодтар мен көркем сипаттағы тарихнамалық шығармаларды («Бірегей семіздік» Ибн Абд Рабихи және т.б.), поэтиканы (Ибн Рашик пен Ибн Шараф шығармалары) жинақтаудан көрінді.

**Қорытынды.** Араб, парсы, қыпшақ жазба ескерткіштерінен өз бастауын алатын қазақ әдебиеті, кеңестік кезеңде идеологиялық бұрмалаушылыққа ұшырап, шынайылықтан ажыратылды. Қазақстан мемлекеті тәуелсіздігін алған соң, қазақ әдебиетінде маңызды орын алатын дәстүрлерді жаңғыртуда, ұлттық-рухани сананың дұрыс пайымдалуындағы қазақ халқын өзге ұлттардан ерекшелендіретін ана тіліміздің тілдік өзгеріске ұшырауына себеп болған тарихи оқиғалардың ықпалына назар аударылуға.

Қазіргі жағдайда, мемлекетті жаңғырту және білім беру саласындағы реформалар қажеттігін дәлелдей отырып, еуропалық мәдениет негізінде елімізде азаматтық және патриоттық сананың негізі қаланды. Кейіннен жаңа ағартушылық мәдениет пен дәстүрлі араб-мұсылман мәдениеті арасындағы алшақтықты жою әрекеті болды. Мұсылмандық реформация (немесе ислам модернизмі) деп аталатын ағым өкілдері исламды ағартушылық рухта түсіндірді. Араб жазба ескерткіштері бүгінгі адамзаттың әлеуметтік өмірі мен рухани өміріндегі байланыстың бар екендігінің дәлелі.

### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Салқынбаев М.Б. Қазақ және араб әдебиеті. Оқу құралы. Астана: Астана полиграфия, 2009. – 208 б.
- 2 Исмадова С.М. Шығыс халықтарының әдебиеті. Оқу құралы. Тараз: Тараз унив-ті, 2003. – 159 б.
- 3 Сафарғалиев М.Г. Распад Золотой Орды. М.: книга по требованию, 2003. – 280 с.
- 4 Тұрар У. Тассаввуф тарихи. Тошкент: Истиклол, 1999. – 180 б.
- 5 Есеналиева Ж. Салғастырмалы тіл білімі. Оқулық. А.: Полилингва, 2020. – 192 б. (54, 48)
- 6 Күмісбаев Ө. Шығыс шайырлары. Том 1. А.: Дәуір, 2015. – 312 б.
- 7 Бертельс Е.Э. Суфизм и суфийская литература. М.:Наука, 1965. – 524 с.
- 8 Инайят Х. Суфийское послание о свободе духа. М.: Сфера, 1999. – 64 с.
- 9 Аннемари Ш. Мир исламского мистицизма /Пер. С англ. Н.И. Приграничной, А.С. Раппорт. М.: Алтея, Энигма, 2000. – 416 с.
- 10 Қыдыр Т. Егер мұсылман елдері өзін таныса... //Қазақ әдебиеті, 2020. – 17 ақпан
- 11 Наджип Э.Н. О памятниках XIY века «Нахдж ал-Фарadis» и его языке. //Советская тюркология. 1971. №6. С.63

### Pajdalanylğan Adebietter Tizimi

- 1.Salqynbaev M.B. Qazaq jane arab adebieti. Oqu qyraly. Astana: Astana poligrafiya, 2009- 159 p.
2. Ismatova S.M. Shygys halyktarynyn adebieti. Oqu qyraly. Taraz: Taraz univ-ti, 2003 – 159 p.
3. Safargaliyev M.G. Raspad Zolotoi Ordy. M.: kniga po trebovaniu, 2003 – 280 p.
4. Turar U. Tassavvuf tarihy. Toshkent: Istikqol, 1999 – 180 p.

5. Esenaliyeva Zh. Salgastyrmaly til bilimi. Oqulyq. A.: Polilingva, 2020 – 192 p. (54, 48)
6. Kumisbaev O. Shygys shaiyrlary. Tom 1. A.: Daur, 2015 – 312 p.
7. Bertels E.E. Sufizm I sufiiskaya literature. M.:Nauka, 1965 – 524 p.
8. Inayat H. Sufiiskoe poslanie o svobode duha. M.:Sfera, 1999 – 64 p.
9. Annemari Sh. Mir islamskogo misticizma /Per. S angl. N.I. Prigranichnoi, A.S. Rapport. M.: Alteya, Enigma, 2000 – 416 p.
- 10 Qydyr T. Eger musulman elderi ozin tanysa...// Qazaq adabiet, 2020 – 17 aqpan
- 11 Nadjip E.N. O pamyatnikah XIY veka “Nahdj al-Faradis” I evo yazyke. //Sovetskaya turkologiya. 1971. №6. C.63